

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАУАРЛАР
МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ ГОРОДА АЛМАТЫ
КОМИТЕТА
КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА И
БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

**БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕР**

**ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ**

ҚАУЛЫ
Алматы қаласы
22.05.2020ж. №31

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
город Алматы
№31 от 22.05.2020г.

**Жекеленген объектілердің қызметіне
шектеулерді алып тастау тәртібі туралы**

COVID-19 (бұдан әрі – COVID-19) коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу, карантиндік режимді сақтай отырып және Алматы қаласының тұрғындары арасында коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылықты барынша азайту бойынша шаралар қабылдай отырып, жекелеген объектілердің қызметіне қойылған шектеу алып тастау кезеңін жүзеге асыру барысында Алматы қаласы тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Осы қаулының 1 және 2-қосымшаларында көрсетілген күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим талаптары сақталған жағдайда келесі объектілердің жұмысы 2020 жылғы 25 мамырдан бастап қайта жалғастырылсын:

- 1) бұрын жабылған азық-түлік базарлары мен әмбебап базарлардың азық-түлік қатарлары санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда;
- 2) халыққа қызмет көрсету орталықтары.

2. Осы қаулының 1-қосымшасында көрсетілген күшейтілген санитариялық-дезинфекциялау режимінің талаптары сақталған жағдайда жұмысы 2020 жылғы 01 маусымнан бастап қайта жалғастырылсын:

- 1) азық-түлік емес базарлар.

3. Азық-түлік базарлары мен әмбебап базарлардың азық-түлік қатарларының жұмысын қайта бастауға объектінің дайындығы бағалаудан өткеннен кейін рұқсат етілсін. Дайындықты бағалауды Алматы қаласы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті мен аудандық басқармаларының, Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының, Алматы қаласы аудандық әкімдіктерінің және "Атамекен" ӨКП өкілдерінен құрылған жұмыс комиссиясы жүргізеді.

4. Халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмысы осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес «almaty.infokazakhstan.kz» порталы арқылы кәсіпорынның бірінші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен объектінің дайындығы туралы хабарлама берілгеннен кейін қайта бастауға рұқсат етілсін.

5. Алматы қаласының инвестиция және кәсіпкерлік Басқармасы қамтамасыз етсін:


1) келесі кезеңдегі шектеу қызметі алынып тастауға бекітілген объектілерге ақпараттық арналар арқылы, бейінді ассоциациялардың қатысуымен видеоконференция өткізу арқылы, қажетті ақпараттарды ресми веб-парақшаларда орналастыру арқылы хабардар ету.

6. Осы қаулыны меншік нысанына немесе ведомстволық тиістілігіне қарамастан барлық жеке, заңды тұлғалар және кәсіпкерлік субъектілер орындауға міндетті.

7. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Ж. Бекшин

Алматы қаласының Бас
мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 22.05.2020 ж.
№31- қаулысына
1-қосымша

**COVID-19 карантин кезеңіндегі азық-түлік, әмбебап базарлардың
азық-түлік қатарлары және азық-түлік емес базарларының жұмысы туралы
Н Ұ С Қ А У Л Ы Қ**

1. Объект басшысының бұйрығымен осы нұсқаулықтың орындалуына жауапты тұлға бекітілсін.
2. Жұмыс басталар алдында байланыссыз термометрлерді (тепловизорларды) пайдалана отырып қызметкердің күнделікті термометриясы жүргізілсін.
3. Респираторлық инфекцияның кез келген белгілері бар (температураның көтерілуі, жөтел, тамақтың ауруы, тыныс алудың қиындауы) қызметкерді жұмысқа жібермеу және инфекция симптомдары анықталған немесе пайда болған жағдайда жедел медициналық жәрдем бригадасы шақырылсын.
4. Объектіге кіре берісте зарарсыздандырғыш тоннель орнату ұсынылады.
5. Қызметтеріне шектеудің алынуына байланысты жұмысы жаңадан басталмас бұрын объект қызметкерлерін ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеру ұсынылады.
6. Объектіге кіре берісте, сауда павильондары, дәліздерде әр 30м.сайын, тері антисептикалық санитайзер орнатылсын.
7. Орындалған/алынған қызмет үшін қолма-қол (карточкалар, телефондағы қосымшалар) ақшасыз төлемдер пайдаланылсын.
8. Жеке / өндірістік гигиена ережелерін қатаң сақтау туралы қызметкерлермен инстуктаж өткізілсін.
9. Қызметкерлер бір реттік қолданылатын медициналық маскалар қорымен (жұмыс ауысымының ұзақтығы мен 3 сағатта 1 реттен кем емес маскалар ауысуын ескере отырып), сондай-ақ бір реттік қолданылатын қолғаптармен (ауысымда 2 реттен кем емес және тұтастығы бұзылған кезде ауыстыруға жататын), қолды өңдеуге арналған тері антисептиктерімен қамтамасыз етілсін.
10. Объектіде пайдаланылған жеке қорғаныш құралдарын (қолғап, маскалар) жинайтын контейнер жабдықталсын. Контейнерді мамандандырылған ұйымдар қауіпсіз медициналық қалдық ретінде (тұрмыстық қатты қалдықтар сияқты) полигонға шығарады.
11. Объектіде 5 адамнан артық кезектің болуына жол берілмесін, кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтық қатаң сақталсын, кезекте, кассада және сауда аймағында сатып алушылар арасындағы ара қашықтықты белгілейтін белгілер қойылсын.
12. Базарда орналасқан бутиктерде келушілер санын 4 ш.м. алаңға 1 адам қылып шектеу қамтамасыз етілсін.

13. Барлық сауда бөлмежайлары мен сауда орындарында кем дегенде 2 рет есік тұтқаларын, қосқыштарды, тұтқаларды, рельстерді, есептегіштерді, байланыс беттерін (үстелдер, жұмысшыларға арналған орындықтар, кеңсе жабдықтары), жалпы аумақтарда (киіну бөлмелері мен тамақтану бөлмелер, жуынатын бөлмелер) міндетті түрде зарарсыздандырыш заттарды пайдалана отырып дымқыл тазарту жұмыстары жүргізілсін.

14. Ауаның температурасы мен ылғалдылығының оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін ауа ортасын желдету және кондиционерлеу жүйелеріне (тазалау, жуу, зарарсыздандыру, сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тексеру жүргізу.

Үрмелі-сормалы желдету жүйесімен жабдықталмаған үй-жайларды күніне кемінде 15 минуттан 2-3 рет желдетуді қамтамасыз ету.

15. Келушілер мен қызмет көрсететін персоналдың жеке гигиенасын сақтауына жағдай жасау (қолжууға арналған раковиналар, антисептикалық сабын, дәретханалардағы ауамен кептіргіш және қағаз сүлгілер).

16. Техникалық персонал (еден жуушылар) зарарсыздандыру жұмыстарын жеке қорғаныс құралдарын (қолғап, медициналық маска) қолдана отырып, қорғаныш киімдерде жүргізуі қажет.

Зарарсыздандыру жұмыстарын денсаулығына байланысты қарсы көрсетілімдері жоқ кәмелет жасына толған адамдардың жүргізуіне рұқсат етіледі.

Тазалағыш құрал-саймандар (шелектер, щеткалар, шүберектер) қолданғаннан кейін жақсы жуылады және арнайы белгіленген жерлерде сақталады.

17. Зарарсыздандырғыш заттардың жұмыс ерітінділерін дайындау белгіленген жерде жүргізілуі керек. Дезинфекциялық заттарды жеткізушінің орамында (қаптамасында) өнімнің атауы, мақсаты, жарамдылық мерзімі көрсетілген заттаңбада сақтаңыз. Қаптама жапсырмасы дезинфекциялық затты сақтаудың (қолданудың) бүкіл мерзімі ішінде сақталады.

Зарарсыздандырғыш заттарды рұқсат етілмеген адамдарға беруге және оларды қараусыз қалдыруға жол берілмейді.

18. Объект зарарсыздандырғыш және жууға арналған заттардың азаймайтын (кем дегенде 5 күнге жететін) қорымен қамтамасыз етілсін.

19. Қызметкерлерді жұмыс орындарына қызметтік көлікпен жеткізу ұсынылады. Көлікке отырғызу орындарының саны бойынша ғана жүргізіледі. Көліктегі жолаушылар маска киюге тиіс. Автокөлік салоны тәулігіне 2 рет зарарсыздандырылып, жуылады. Көлік жүргізушілері ауысым алдындағы тексеруден және термометриядан өтіп, жеке қорғаныс құралдарымен (маскалар, қолғаптар, тазартқыштар) қамтамасыз етілсін.

20. Объектіде аптасына 1 рет «санитарлық күннің» өткізілуі қамтамасыз етілсін.

21. Объект аумағын зарарсыздандыру тәулігіне кем дегенде 1 рет жүргізілсін.

22. COVID-19 коронавирустық инфекцияның алдын алу бойынша іс-шараларды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға объектінің әкімшілігі жауапты.

Алматы қаласының Бас
мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 22.05.2020 ж.
№31- қаулысына
2-қосымша

COVID-19 карантин кезеңінде халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмысы туралы НҰСҚАУЛЫҚ

1. Объектінің бірінші басшысының бұйрығымен COVID-19 бойынша карантин уақытында алдын алу іс-шараларын сақтауға жауапты тұлға бекітілсін.
2. Жауапты тұлға жұмыс (ауысым) басталар алдында байланыссыз термометрлерді (тепловизорларды) пайдалана отырып қызметкердің күнделікті термометриясын жүргізіп, нәтижесін қағаз немесе электрондық тасығыштарда тіркесін.
3. Респираторлық инфекцияның кез келген белгілері бар (температураның көтерілуі, жөтел, тамақтың ауруы, тыныс алудың қиындауы) қызметкерді жұмысқа жібермеу және инфекция симптомдары анықталған немесе пайда болған жағдайда жедел медициналық жәрдем бригадасын шақыру.
4. Халыққа қызмет көрсету орталығына кіреберісте дезинфекциялық тоннель орнату ұсынылады.
5. Қызметкерлерді бір реттік қолданылатын медициналық маскалар қорымен (жұмыс ауысымының ұзақтығы мен 3 сағатта 1 реттен кем емес маскалар ауысуын ескере отырып), сондай-ақ бір реттік қолданылатын қолғаптармен (ауысымда 2 реттен кем емес және тұтастығы бұзылған кезде ауыстыруға жататын), қолды өңдеуге арналған тері антисептиктерімен қамтамасыз ету.
6. Объектіде пайдаланылған жеке қорғаныш құралдарын (қолғап, маскалар) жинайтын контейнер жабдықталсын. Контейнерді мамандандырылған ұйымдар қауіпсіз медициналық қалдық ретінде (тұрмыстық қатты қалдықтар сияқты) полигонға шығарады.
7. Клиенттердің термометриясын кіреберісте (анықтама бұрышы, күзет пункті және т.б.) байланыссыз термометрлерді (тепловизорларды) пайдалана отырып жүргізу.
8. Объектіге кіреберісті көрінетін және қол жетімді орындарда келушілер мен персоналдың қолын зарарсыздандыруға арналған санитайзерлермен (оның ішінде операциялық залдарда, вестибюльдерде, санитарлық тораптарда және т.б.) жабдықтау. Коронавирусты инфекцияның алдын алу тақырыбына жаднамалар орналастыру.
9. Персоналдың, келушілердің жеке гигиенасын сақтауы үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету (санитарлық тораптардың жұмыс істеуі, қол жуғыштардың, сұйық сабын, бір жолғы сүлгілердің немесе электр сүлгілердің, санитайзерлердің болуы).

10. Кеңселерде жұмыс орындарының арасындағы 1,5 метрлік ара қашықтықты қамтамасыз ету.

11. Жұмыс орындарында тамақ ішуге тыйым салу, ас ішетін бөлмеде үстелдердің арасында 1,5-2 метрлік ара қашықтықты сақтаған жағдайда ғана тамақ ішуге рұқсат беру. Егер объектіде асхана болған жағдайда, тамақ қабылдау үстел арасында 2 метрлік қашықтық және бір үстел басында 4 адамнан артық отырғызбау қамтамасыз етілуі қажет. Ауыз су режимін ұйымдастыру.

12. Объектілерге келушілерді әлеуметтік қашықтықтың белгілері болған кезде, өткізу мүмкіндігі мен маскалық режимді сақтауды ескере отырып жүзеге асыру. Келушілердің вестибюльдер мен дәліздерде көп уақыт отырып қалуларына жол бермеу. Қызметкерлердің келушілермен байланысын барынша азайту. Кассалық аймақта келушілердің шоғырланып ұзақ тұруын болдырмау және әлеуметтік белгі салу жолымен 2 метрден кем емес әлеуметтік ара қашықтықты қамтамасыз ету.

13. Ауаның температурасы мен ылғалдылығының оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін ауа ортасын желдету және кондиционерлеу жүйелеріне (тазалау, жуу, зарарсыздандыру, сүзгілерді ауыстыру және т. б.) тексеру жүргізу.

Үрмелі-сормалы желдету жүйесімен жабдықталмаған үй-жайларды күніне кемінде 15 минуттан 2-3 рет желдетуді қамтамасыз ету.

14. Үй-жайларды күнделікті ылғалды жинауды зарарсыздандыру құралдарын қолдана отырып, келесі жиілікпен жүргізіледі:

- операциялық залдардың, холлдардың едендері – күніне 3 рет;
- есік тұтқалары, касса аппараттары, банк терминалы, жұмыс беттері – сағат сайын;

- қоғамдық санитарлық тораптар (еден, санитарлық-техникалық жабдықтар, соның ішінде крандардың шұралары, унитаз бөшекелерін түсіру), лифт батырмалары – әрбір 3 сағат сайын.

15. Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін (немесе кемінде 6 сағаттан кейін) есіктердің тұтқаларын, эскалаторлардың қозғалатын таяныштарын, тұтқаларды, үстелдерді, орындықтардың арқалықтарын (креслолардың шынтақтірегіштерін), санитариялық-техникалық жабдықтарды зарарсыздандырғыш майлықтармен (немесе зарарсыздандырғыш құралдардың ерітінділерімен) сүрту арқылы және бөлмежайларды зарарсыздандырғыш құралдарды қолдана отырып ылғалды жинау. Жинау мүкәммалын (шелектер, щеткалар, шүберектер) пайдаланғаннан кейін жақсылап жуу және арнайы бөлінген орындарда сақтау.

16. Қажеттілік көлеміне қарай әрбір объектіде зарарсыздандырғыш жуу құралдарының, антисептиктердің, жеке қорғану құралдарының (маскалар, қолғаптар) азаймайтын қорын жасау.

17. Үй-жайларға зарарсыздандыру жүргізу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген және қолдануға рұқсат етілген, қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда вирустық инфекциялар кезінде объектілерді зарарсыздандыру режимдері көрсетілген зарарсыздандырғыш заттарды қолдану.

18. Зарарсыздандырғыш заттар өндіруші кәсіпорынның қаптамасында, балалардың қолы жетпейтін, арнайы бөлінген құрғақ, салқын және қараңғыланған жерде тығыз жабылған түрде сақталады. Зарарсыздандыру іс-шараларын және кездейсоқ улану кезіндегі алғашқы көмекті жүргізу кезіндегі сақтық шаралары әрбір нақты зарарсыздандырғыш заттар үшін оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда көрсетілген.

19. Техникалық персонал (еден жуушылар) зарарсыздандырғыш заттарды қолдана отырып ағымдағы ылғалды жинауды жеке қорғаныш құралдарын (халат, қолғап, медициналық маска) пайдалана отырып жүргізуі қажет. Зарарсыздандырғыш заттармен жұмыс істеуге денсаулық жағдайы бойынша қарсы көрсеткіштері жоқ кәмелетке толған адамдар жіберіледі.

20. Іргелес аумақты зарарсыздандыру тәулігіне кемінде 1 рет жүргізіледі.

21. COVID-19 коронавирустық инфекцияның алдын алу бойынша іс-шараларды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға нысанның әкімшілігі жауапты болады.

Алматы қаласын Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің 22.05.2020ж.
№ 31-қаулысына 3-қосымша

**Объектінің қызметін қайта бастау туралы
Х А Б А Р Л А М А**

« _____ » _____ 2020ж.

(объектінің атауы, БСН, мекен-жайы)

Объектінің қызметін қалпына келтіру туралы Алматы қаласы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 22.05.2020 ж. № 31-қаулысы және Нұсқаулық талаптарымен таныстым.

Карантин кезінде короновирустық инфекциясы таралуына жол бермеу мақсатында объектіде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қызметкерлердің жауапкершілігі күшейтілді.

Объектіде Нұсқаулықтың сақталатынына кепілдік беремін.

Қаулы мен Нұсқаулық талаптарын орындамаған және бұл жөнінде қате ақпарат берген жағдайда объектінің қызметін тоқтата тұру немесе қызметке тыйым салуға дейін әкімшілік шаралардың қолданылатынын растаймын.

(басшының аты-жөні, қолы)